

**УДК 373.25**

**А.К. Мустафа**

Мектеп-гимназия № 26 (Екібастұз қ.),

**Ж.К. Даниярова**, педагогика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

### **Арнайы балабақшада тәрбиеленетін балаларды әлеуметтендіру барысы**

***Аннотация.** Бұл мақалада арнайы балабақшадағы балалардың әлеуметтену үрдісінің теоретикалық аспектілері қарастырылып, зерттеу нәтижесінің эффективлігі анықталды. Дамуында тежеуі бар балалармен педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүргізілді. Педагогикалық-психологиялық жұмыстар барысы диагностика және түзету бөлімдерінен тұрады. Диагностикасы барысында, «жастық – жыныстық өзін – өзі теңестіру», «ерік – жігерін» анықтау», «графикалық суреттегі көрсетілген эмоцияны көрсету» әдістемесі жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Көрсетілген нәтижелер бойынша, арнайы педагогикалық – психологиялық түзету жұмыстары жүргізіліп, оқу жылының ортасында дамуында тежеуі бар балалардың әлеуметтену үрдісі жоғарылады.*

***Түйін сөздер:** арнайы психология, мүмкіншілігі шектеулі балалар, түзету ойындар, ақыл-ой дамуы.*

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау көрсету» Қазақстан Республикасы Заңы 4 тармағын іске асыру мақсатында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін кешенді көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету жолында жаңа үлгідегі арнайы (түзету) ұйымдары ашылған. Арнайы білім беру ұйымдарының жаңа түрлері: оңалту орталықтары (республикалық және облыс деңгейіндегі қалаларда), мектеп жанындағы логопедтік пунктер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (аудан орталықтарында).

Біздің еліміз қарқынды даму жолына жаңа түсіп, қоғамдық құрылымы бір сипаттан екіншісіне ауысқан өтпелі кезеңде ондай мәселелер көбеймесе, азайған жоқ. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған дамуында тежеуі бар балалар күннен күнге көбеюде [1].

2011 жылдың 1 қазанындағы статистикалық мәліметтер бойынша елімізде 563,1 мың мүгедек адам бар, бұл жалпы халықтың 3,4 пайызы. Оның ішінде 58 мың мүгедек балалар болып отыр. Бұл ретте бірінші орында қан айналымы жүйесінің аурулары - 22 пайыз, екінші орында қатерлі ісік - 17 пайыз, үшінші орында түрлі жарақаттар - 13,7 пайызды құрап отыр. Ал мүгедек балалар арасында бірінші орында туа біткен аурулардан пайда болатын мүгедектік – 34,6 пайызды құрайды. «Қазіргі таңда мүгедектіктің жасару үрдісі де байқалып отыр. 2011 жылдың 9 айында елімізде 35,7 мың адам алғаш рет мүгедек ретінде танылса, оның 75 пайызы - еңбекке жарамдылар, 19,4 пайызы – балалар. [2].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын үдемелі жақсартуда, сол себепті мүмкіншілігі шектеулі азаматтарға адамгершілік тұрғысынан мән беріліп, халықаралық және отандық педагогика мен медицинаның ғылыми – практикалық шектесуінде коррекциялық тәрбие жүйесін құрылды. Негізгі мақсаты - мүмкіншілігі шектеулі балаларды тұлғалық келбетінде еңбекке үйрету, өмірде өз орнын табуға баулу, өмірге икемді азаматтық тұлға қалыптастыру[3].

Екібастұз қаласының №13 «Алтынай» арнайы балабақшасында, дамуында тежеуі бар балалармен педагогикалық – психологиялық жұмыстар жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстардың диагностикасы бойынша, «жастық – жыныстық өзін – өзі теңестіру» әдістемесінің нәтижесі төменде көрсетілген.

Тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

- жоғары деңгей - 15 %;
- орташа көрсеткіш - 23 %;
- төмен деңгей - 62 %;

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгей - 0 %;
- орташа деңгей - 11 %;
- төмен деңгей - 89 %;

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

- жоғары деңгей - 3 %;
- орташа деңгей - 11 %;
- төмен деңгей - 86 %;

Мектепке дейінгі дамуында тежеуі балалардың «ерік – жігерін» анықтаудың нәтижесі төменде көрсетілген.

Тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

- жоғары деңгей - 15 %;

– орташа көрсеткіш - 23 %;

– төмен деңгей - 62 %;

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгей - 0 %;

- орташа деңгей - 11 %;

- төмен деңгей - 89 %;

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

– жоғары деңгейді - 3 %;

– орташа деңгей - 11 %;

– төмен деңгейді - 86 %;

– Мектепке дейінгі дамуында тежеуі балалардың «графикалық суреттегі көрсетілген эмоцияны көрсету» әдістемесінің нәтижесі төменде көрсетілген.

Тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

– жоғары деңгей - 18%;

– орташа көрсеткіш - 25%;

– төмен деңгей - 57%;

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгейді - 0%;

- орташа деңгейді - 15%;

- төмен деңгейді - 85%;

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

– жоғары деңгейді - 7%;

– орташа деңгейді - 12%;

– төмен деңгейді - 81%;

Бұл көрсеткіштер оқу жылының басында алынып, балалармен арнайы коррекциялық-психологиялық жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының басында және оқу жылының соңындағы көрсеткіш нәтижелерін салыстыру үшін, коррекциялық – психологиялық жұмыстардың нәтижесі көрсетілді.

Жүргізілген жұмыстардың коррекциясы бойынша, «жастық – жыныстық өзін – өзі теңестіру» әдістемесінің нәтижесі көрсетілген.

Тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

– жоғары деңгей - 23 %;

– орташа көрсеткіш - 42 %;

– төмен деңгей - 35 %.

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгей - 8 %;

- орташа деңгей - 21 %;

- төмен деңгей - 71 %;

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

– жоғары деңгей - 18 %;

– орташа деңгей - 32 %;

– төмен деңгей - 60 %.

Мектепке дейінгі дамуында тежеуі балалардың «ерік – жігерін» анықтаудың нәтижесі төменде көрсетілген.

Тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

– жоғары деңгей – 27 %;

– орташа көрсеткіш – 33 %;

– төмен деңгей – 40 %.

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгей – 7 %;

- орташа деңгей – 24 %;

- төмен деңгей – 69 %.

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

– жоғары деңгейді – 11 %;

– орташа деңгей – 26 %;

– төмен деңгейді – 63 %.

Мектепке дейінгі дамуында тежеуі балалардың «графикалық суреттегі көрсетілген эмоцияны көрсету» әдістемесінің нәтижесі төменде көрсетілген.

тіл дамуында тежеуі бар балаларда:

– жоғары деңгей – 30 %;

– орташа көрсеткіш – 45 %;

– төмен деңгей – 25 %.

ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларда:

- жоғары деңгейді - 12 %;
- орташа деңгейді - 24 %;
- төмен деңгейді - 64 %.

психикалық дамуында тежеуі балаларда:

- жоғары деңгейді - 14 %;
- орташа деңгейді - 26 %;
- төмен деңгейді - 60 %.

Дамуында тежеуі бар балаларды әлеуметтендіру барысын жүзеге асыру үшін, төменде көрсетілген жұмыстар жүргізілді.

Дамуында тежеуі бар балалармен тәрбиелік дамытушылық іс шараларды ұйымдастыруда ойын технологиясы арқылы дамуында тежеуі бар баланың психикалық ерекшеліктерін айқындау және физиологиялық психологиялық дамуы негізінде жетілдіруді қалыптастыруға педагогикалық жағдай жасау. Ұлы ғалым Д.Эльконин мүмкіншілігі шектеулі балалардың психикасының дамуында ойын жетекшілік рөл атқаратынын «жетекші іс әрекет» атты сөз тіркесімен сипаттайды[4]. Ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез – құлқы қалыптасады.

Дамуында тежеуі бар балалармен тәрбиелік дамытушылық ойын технологиясы – бұл баланың өзін толықтай көрсетуіне табиғи жағдай жасау болып табылады. Ойын барысында жасаған қылықтары оның эмоциялары мен қорқыныштарын білдіреді, психологке бала болмысы туралы жан - жақты толыққанды мәлімет алуға көмектеседі.

Педагогикалық тәрбиелік дамытушылық ойын дегеніміз - баланы әдептілікке, сауаттылыққа, тұлғалық даму қабілеттіліктерін өздігінен дамытуға негізделген тәрбие құралдың бірі. Сондықтан олардың түрлері өте көп. Мысалы: тіл дамыту, тіл ұстарту, логиканы қалыптастыру, логиканы дамыту әлеуметтендіруге бағдарланған ойындар т.с.с. Педагогикалық тәрбиелік дамытушылық ойындар дамуында тежеуі бар баланың ақыл - ойын дамытып, қоғамдық өмірге бейімденуге деген қызығушылықтарын арттырады.

Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу- бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын- балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі[5].

Дамуында тежеуі бар балаларды әлеуметтендіру жолының екінші тәсіліне Әл-Фарабидің «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) тұжырымын басшылыққа аламыз. Мүмкіншілігі шектеулі балалармен жұмыс жасау барысында педагог-психологтар көрнекі құралдарды міндетті түрде пайдаланады.

Көрнекілік принципі тәрбие мен білімдендіру үдерісін сабақтастықта сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара жүйелі байланыста қолданады, себебі дамуында тежеуі бар балаларды құбылыстармен, объектілермен таныстырғанда, олардың психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере дамытушылық әсер етеді. Бұл жерде алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды дей аламыз. Көрнекілік құралдары арқылы мүмкіншілігі шектеулі балалардың бойындағы тұлғалық даралық қасиеттерін сонымен қатар өмірге деген құлшыныстары мен белсенділіктерін байқалады [6].

Мүмкіншілігі шектеулі балармен жұмыс жасау тәсілдерінің тағы бір түрі - сурет салу. Мүмкіншілігі шектеулі балалар суретті бар ынтасымен салады. Алғашында олар қағаздарға шимайларды сызады. Содан кейін отбасындағы белгілі бір мүшелерді салуға тырысады. Түрлі-түсті, ашық-жарқын қарындаштармен, бояулармен жұмыс істеу балаларды қуантады. Балалардың суреттерінен ойлау, есте сақтау үрдісінің төмен деңгейлігі және қозғалыс саласының жетілмеуі анық көрініс табады. Мүмкіншілігі шектеулі балаларға суретті салдыру арқылы ой-өрісін дамытуға, белсенділігін арттыруға, өзіндік «Мен» қалыптастыруға септігін тигізеді [7].

«Жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдердер арқылы баланың болашаққа деген мүмкіндігін, өмірге деген белсенділігін арттырып, дамуында тежеуі бар балалардың бойында әрі қарай өмір сүруге деген ынтасын, белсенділігін ішкі дүниесіне үңіле отырып жүзеге асырылады.

Арнайы балабақшада тәрбиеленетін балаларды әлеуметтендіру үрдісін одан әрі жетілдіру үшін, педагогикалық-психологиялық коррекциялық жұмыстар өз жалғасын әрі қарай табуады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050» стратегиясы.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1998.
3. Бап-Баба С. Психология негіздері. - Алматы, 2012.
4. Пожар Л. Дети с нарушениями развития. Хрестоматия. - М., 1995.
5. Рубинштейн С.Я. Психология аномальных детей. - М., 1996.
6. Усанова О.Н. Специальная психология. - М., 1990.
7. Власова Т.А., Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии. - М., 1973.

**REFERENCES**

- 1 Nazarbaev N.A. «Kazakstan - 2050»strategiyasy.
- 2 Nazarbaev N.A. «Kazakstan - 2030». El prezidentinin Kazakstan halkin joldayi. – Almaty, 1998.
- 3 Бар-Баба С.Психологиянегіздері. - Almaty, 2012.
- 4 Pojar L. Deti s narusheniyamirazvitiya. Hrestomatiya. - M.,1996.
- 5 RubinshteinS.Ya. Psihologiyaanomal`nyhdetei. - M., 1996.
- 6 Usanova O.N. Special`nayaapsihologiya. - M., 1990.
- 7 Vlasova T.A., Pevzner M.S. O detyah s otkloneniyami v razvitii. - M., 1973.

**РЕЗЮМЕ****А.К.Мустафа***Школа-гимназия № 26 (г.Экибастуз),***Ж.К. Даниярова**, кандидат педагогических наук*Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)**E-mail: ainamjan.92@mail.ru, daniyarova1957@mail.ru****Социализация детей, воспитывающихся в специальных садах***

*В статье рассмотрены теоретические аспекты социализации детей в специальных садах, а также представлен анализ показателей эффективности проведенной работы. С детьми с задержкой развития, проводилась психологическая коррекционная работа, которая состоит из диагностики и коррекции. В диагностике использовались следующие методики: «изучение детского самосознания и половозрастной идентификации»; «изучение мобилизации волевых усилий»; «изучение графического изображения эмоций и выразительности речи детей». В течение года проводилась коррекционная работа. В конце учебного года показатели социализации детей с задержкой развития повысились.*

**Ключевые слова:** *специальная психология, дети с ограниченными возможностями, коррекционные игры, интеллектуальное развитие.*

**RESUME****A.K. Mustafa***Gymnasium school № 26(Ekibastuz)***Zh.K. Daniyarova**, kandidat pedagogical sciences*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)****Socialization of children brought up in special***

*This article deals with the theoretical aspects of socialization of children in the gardens, as well as analysis of the performance of the work. Children with development delays were conductive work. Which consists of two parts diagnosis and correction. The following procedures used in the diagnosis, they are study of children's self-awareness and polo age identification. Study of graphic and emotional expressiveness of children speech. During the year, the correctional work was conducted. At the end of the school year indicators of socialization of children with developmental delays have shown good results.*

**Keywords:** *special psychology, children with disabilities, correctional games, intellectual development.*